



Автор: Токаева Назгуль Муратбековна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...
Тақырып: Қажымұқан

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.
Сабақтың мақсаты:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығы; Адам бойындағы «адалдық», «шынайылық» секілді асыл қасиеттерді бойларына сіңіру.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылардың барлығы орындай алады: шығарманың тақырыбы мен идеясын түсінеді; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені идеясы арқылы дұрыс анықтайды; Оқушылардың кейбіреуі орындай алады: әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді.
Күтілетін нәтиже:	Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы дұрыс анықтайды; Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді.
Бағалау критерийлері:	Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы дұрыс анықтайды. Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді. Әлеуметтік, теңсіздік. Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: 1) Менің ойымша, шығармадағы басты идея ... 2) Мен оны былай түсіндіремін ... 3) Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... 4) Мен мынадай қорытындыға келдім ... Талқылауға арналған сұрақтар: 1) Осы шығарма сендерге ұнады ма? Несімен? 2) Ұнамаған тұстар болды ма? Ол не? Неліктен? 3) Мұқанға кімдер әділетсіздік жасады? 4) Мұқанның орнында болсаңдар, сендер не істер едіңдер?
Құндылықтарды дарыту:	Адам бойындағы «адалдық», «шынайылық» секілді асыл қасиеттерді бойларына сіңіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» хикаяты.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (6 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды сабақ жоспары мен бағалау критерийлерімен таныстыру. Қызығушылықты ояту. Кіріспе сұрақтар қою: 1) Осы шығарма сендерге ұнады ма? Несімен? 2) Ұнамаған тұстар болды ма? Ол не? Оған кім кінәлі? 3) Мұқанға кімдер әділетсіздік жасады? 4) Мұқанның орнында болсаңдар, сендер не істер едіңдер?	ОӘК материалдары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28 минут)	1-тапсырма: 1-қадам: Әр топқа «Қажымұқан», «Қар күреген бала», «Жаяу сүйреген шана» бөлімдері бөлініп беріледі. Әр топ өз тақырыптарының ішінен Мұқанға жасалған әділетсіздіктерді теріп алады. 2-қадам: Әр топ өз тақырыптарының ішінен Мұқанға жасалған әділетсіздіктерді теріп алады. 3-қадам: Әр топ флипчартқа адамның сұлбасын салады. Адамның екі аяғына Мұқанға жасалған әділетсіздіктерді, ішіне, яғни, жүрек тұсына Мұқанның әрекеттерін, екі қолына «Кім кінәлі?», басына «Қалай жеңді?» сұрағына жауап жазады. Адам сұлбасының сыртына кейіпкерге қойғысы келген сұрақтарды қояды. 3-қадам: Қабырғаға іліп қойып, топтар қорғайды. Дескриптор: • Мұқанға жасалған әділетсіздіктерді теріп жазып, себептерін анықтайды; • кейіпкерге қызықты сұрақтар қояды. Қалыптастырушы бағалау. Жүппен жұмыс: Кестені толтыр Шығарманың идеясы Әлеуметтік– қоғамдық мәселеӨз ойыңыз Дескриптор: → -шығарманың идеясын ашады; -әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік– қоғамдық мәселені анықтайды; → -өзіндік көзқарасын білдіреді. Жеке жұмыс: Шығарманың идеясын анықтаңдар. Анықтаған идеяларыңды «ПОПС» формуласы бойынша түсіндіріңдер. 1) «Менің ойымша, шығармадағы басты идея ... 2) Мен оны былай түсіндіремін ... 3) Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... 4) Мен мынадай қорытындыға келдім ... Дескриптор: -шығарманың идеясын анықтап, өз ойын білдіреді; -пікірін түсіндіріп, мысалдармен дәлелдей алады; -қорытынды шешім қабылдай алады. Қосымша мәлімет: (Профессор Ә.Қоңыратбаевтың дерегі бойынша) 1.Салмағы–174 кг. 2. Бойы–195 см. 3. Кеудесінің аумағы–146 см. 4. Балтырының аумағы–49 см. 5. Мойнының жуандығы–56 см. 6. Бас аумағы–65 см. 7. Ортаңғы саусағының ұзындығы–14 см. 8. Ортаңғы саусағының жуандығы – 10 см. 9. Үстіңгі және астыңғы еріндері – 12 см. 10. Аяқ киімі–54 размер.	ОӘК материалдары
Сабақтың соңы	Рефлексия «Бес саусақ» тәсілі 1) Бас бармақ: Не білдім? 2) Балаң үйрек: Не үйрендім? 3) Ортан терек: Кімге көмектестім? 4) Шылдыр шүмек: Не қиын болды? 5) Кішкентай бөбек: Не қызық болды? Үйге тапсырма: Күш атасы Қажымұқанның портретін сөзбен сипаттап жазып келу	ОӘК материалдары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (6 минут)	Рефлексия «Бес саусақ» тәсілі 1) Бас бармақ: Не білдім? 2) Балаң үйрек: Не үйрендім? 3) Ортан терек: Кімге көмектестім? 4) Шылдыр шүмек: Не қиын болды? 5) Кішкентай бөбек: Не қызық болды?	